

*Қазақстан-Ресей Медицина  
Университеті*

*СӨЖ*

*Кафедра: Патологиялық физиология  
Тақырыбы: Нефроздық синдром.*

Орындаған: Барақбаева Ж.Қ

Тексерген: Профессор.м.ғ.д. Пиржанов Б.Т.

Топ: 307Б

2016 жыл

# Жоспар

## ❖ *I* Кіріспе

- Этиологиясы мен патогенезі

## ❖ *II* Негізгі бөлім

- .Нефроздық синдром дерттері

## *III* Қорытынды

## ◆ Пайданылған әдебиеттер

Несеппен көп нәруыздар шығарылуымен, қанда әлбуминдердің азаюымен, диспротеинемия, гиперлипопротеидемия және дененің қатты ісінуімен көрінетін дерттік жағдайларды нефроздық синдром дейді.

Ол көптеген себепкер ықпалдардан дамуы мүмкін.



**Нефроздық синдромның 2 түрін ажыратады: біріншілік және салдарлық**

**Біріншілік нефроздық синдромға:** липоидтық нефроз, мембранопатиялық гломерулонефрит, мембраналық-пролиферациялық гломерулонефрит, туа біткен отбасылық нефроздық синдром т.б жатады.

**Салдарлық нефроздық синдром** көптеген дерттердің нәтижесінде дамиды. Жүйелі қызыл жегі, түйінді периартерит, ревматизм, құздама тәрізді полиартрит, қанағыш васкулит, туберкулез, мерез, гепатит, созылмалы гломерулонефрит, жүкті әйелдердің нефропатиялары, амилоидоз, сарысулық ауру, қатты диабет, бүйрек артериялары мен көктамырларының тромбозы, ауыр металдармен уланулар т.б салдарлық нефроздық синдромға әкелуі мүмкін.

Қандайда болмасын себептен пайда болғанына қарамай нефроздық синдром кезінде қан плазмасының нәруыздары көптеп несепке сүзіледі және соңғы несепте тәулігіне 15-20г. Нәруыздар пайда болып, протеинурия дамиды.

- Нефроздық синдром кезінде несеппен трансферин т.б. Металдарды байланыстыратын нәруыздар, иммуноглобулиндер, антитромбин III6 қан ұю факторлары шығарылады. Сондықтан бұл ауру кезінде тромбоэмболия дамуы ықтимал, бактерияларға организмнің төзімділігі төмендейді, теміртапшылықты анемия, С және Д гиповитаминоздар, гипокальциемия байқалады.



- Қорытынды
- Сонымен, гломерулонефрит пен нефроздық синдромдар кездерінде нефрон шумақтарындағы тіректік мембраналардың өткізгіштігі жоғарылайды. Осыдан соңғы несепте нәруыздар мен эритроциттер пайда болады. Эритроциттердің зәрде пайда болуын гематурия деп атайды.

# Пайдаланған әдебиеттер:

↑↑ Патологиялық физиология терминдерінің, орысша – латынша – қазақша түсініктеме сөздігі.- Ақтөбе. [ISBN 9965-437-40-8](#)  
[www.google.kz](http://www.google.kz)